

Сабақ тақырыбы: Африка материгін бекіту

7 сынып



Сабақтың мақсаты:



- **Білімділік:** Африка материгінің географиялық орны, жер бедері, климаты, өзен көлдері бойынша оқушы білімдерін толықтыру
- **Дамытушылық:** Тақырып бойынша оқушылардың ойлау, сөйлеу мәдениетін, өз ойларын еркін жеткізуге дамыту.
- **Тәрбиелік:** Адамгершілікке, патриоттыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.





Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Қызығушылықты ояту (топқа бөлу)

II. Ғалымдарға сұрақ қою

III. Мағынаны ажырату

IV. Картамен жұмыс

V. Ойын. "Мен-саған, сен маған"

VI. Кім жылдам?

VII. "7" адасқан атауларды сәйкестендіру

VIII. Сабақты бекіту тест сұрақтары

IX. Бағалау парағы

X. Қорытындылау

XI. Үйге тапсырма беру.





Ғалымдарға сұрақ қою

- Африканың ауданы қанша?
- Қандай материкті экватор сызығы дәл ортасынан кесіп өтеді?
- Африка неше мемлекеттен тұрады?
- Виктория көлінің ауданы?
- Африканың шығысында қандай түбек орналасқан?




ҚЫС I-топ

Көктем II-топ

Жаз III-топ


Күз IV-топ



I- топ

"7" адасқан атауларды
сәйкестендір

- Амазонка-----тау
- Анд-----биік ағаш
- Секвойя-----мемлекет
- Африка-----терең көл
- Байкал-----ойпат



II- топ




- Жомолунгма-----шұңғыма
- Арабия-----құс
- Мариана-----шың
- Ніл-----түбек
- Пингвин-----өзен



III-топ

- Сахара-----тау
- Гималай-----көл
- Танганьика-----шөл
- Альмади-----шығанақ
- Гвинея-----мүйіс



IV- топ


- Мадагаскар-----жанартау
- Гольфстрим-----канал
- Суэц-----ағыс
- Аконкагуа-----арал
- Орибаса-----шың



Африканың

Жануарлары

Өсімдіктері



1. Африкадағы ең ұзын өзен

А) Конго (Заир) В) Ніл С) Нигер D) Замбези

2. Африканың Ең терең көлі:

А) Виктория В) Чад С) Танганьика D) Тано

3. Қай өзен мемлекет атымен аталады?

А) Нигер В) Замбези С) Ніл D) Оранжевая

4. Африканың ең үлкен көлі:

А) Виктория В) Чад С) Танганьика D) Тано

5. Ең мол сулы өзен?

А) Сенегал В) Ніл С) Нигер D) Конго(Заир)

6. Ніл өзені қай теңізге құяды?

А) Қызыл В) Жерорта С) Қара D) Беринг

7. Африканың өзендері немен қоректенеді

А) жаңбырмен В) теңіз суларымен С) жерасты сулармен D) қармен

8. Экваторды екі рет кесіп өтетін өзен:

А) Конго(Заир) В) Ніл С) Нигер D) Замбези

9. Африканың ең таяз көлі:

А) Виктория В) Чад С) Танганьика D) Тано


10. Сахара шөлі арқылы ағып өтетін өзен:

А) Сенегал В) Ніл С) Нигер D) Конго(Заир)




Жауаптары:

1. В)Ніл
2. С)Танганьика
3. А)Нигер
4. А)Виктория
5. D)Конго (Заир)
6. В)Жерорта
7. А)жаңбырмен
8. А)Конго (Заир)
9. В)Чад
10. В)Ніл




Африка материгінің кереметтері

Мысыр пирамидалары



Жеті кереметтің ең ежелгісі де, әрі біздің бүгінгі дәуірімізге жеткені де – осы Мысыр пирамидалары. Пирамидалар Нилдің солтүстік батыс жағалауындағы сансыз қабірлер мен ғибадатханалар тұрғызылған өлілер қаласының үстіне салынды. Пирамидалардың ең көнесі – 5000 жыл бұрын тұрғызылған Джосер пирамидасы. Сәулетшісі ежелгі Египетте дәрігерлік, философиялық және ғылыми еңбектерімен танылған Имхотеп атты шебер еді. Джосер пирамидасы – көп сатылы құрылыс. Сансыз басқыштар арқылы аспанға өрлей береді. Мұның идеясы перғауындардың жердегі қарапайым халықтан биік, құдіретті екенін бар әлемге паш ету еді. Қаншама қажырлы еңбек пен адам өмірі жұмсалған бұл құрылыс Хеопс, Хефрен және Микрен пирамидаларымен жалғасын тапты.

Көлемі жағынан ең үлкен пирамида – Хеопс пирамидасы. Бүкіл жиған-тергеніне көзінің тірісінде Хеопс перғауын 20 жыл ішінде осы пирамиданы салдырды. Биіктігі 147 метр, әр қырының ұзындығы 232 метр бұл құрылысқа 2,5-3 мыңнан астам 2 миллион 300 мың тас блоктары қолданылды.



• Египет пирамидасы



Әлемнің алғашқы жеті кереметінің бірі мен ең гажайыбы – Египет пирамидасы. Ол біздің жыл санауымыздан 27 ғасыр бұрын салынған Египет патшаларының мазары. Ең биігі – 146 метр. Византиялық Филон жазып кеткен әлемдегі жеті кереметтің біріншісі осы Египет пирамидасының біз білетін тарихы: мұнан бес мың жылдай бұрын, біздің дәуірімізге дейінгі 2700 жылдары перғауын Хеопстың бұйрығымен алғашқы пирамида құрылысы басталып, кейіннен үлкенді, кішілі бірнеше пирамида салынды. Пирамида ежелгі Мысыр перғауындарының қабіріне ескерткіш белгі ретінде (Гизадағы Хеопс пирамидасы және тағы да басқалары) тұрғызылғанымен, кейбір пирамидалар ғибадатхана, қазына қоймасы ролін де атқарды.

Хеопс пирамидасы



Әлем ғалымдары бірауыздан мойындап отырғанындай, Мы-сырдағы Хеопс пирамидасының ғажайып қасиеті шексіз. Тіпті оның барлық өлшемдерін (146,59 метр биіктігін, табан қабырғасының 230,35 метр ұзындығын және бүйірлерінің 510511 еңістігін) негізге алып олардан «пи» санын, Жерден Күнге дейінгі қашықтықты, Жердің салмағын, оның полярлық радиусын, Күн мен Айдың массасын, Жердің орташа тығыздығын есептеп шығаруға болады.

Ішінде жерленген перғауын-ның денесі шірімей, тас болып қатып қалуына пирамиданың таңғажайып қасиетінің әсер еткеніне ғалымдар таласпайды. Өйткені, пирамида ішінде кез келген ет сасымайды, бұзылмайды, тастап кеткен ұстара қайта жаңарып, өткір қалпына келеді.



Мысыр Ніл өзеннің бойындағы араб елі



- Мысыр - Африканың солтүстік-шығысында орналасқан ірі араб елі. Оның аумағының бір бөлігі - Синай түбегі - Азияда жатыр. Екі құрлықтың арасындағы шекара Суэц каналының бойымен өтеді. Мысырдың миллион текше километрден асатын аумағының 96% - бұл сирек кездесетін шұрайлы жерлерден тұратын шөлді дала, ал шөлді даланың аумақты бөлігі - құмды емес, таулы болып келеді. Қалған бөлігінде 70-миллиондық тұрғыны бар елдің 9 пайызды өлі күнге дейін өмір сүріп жатқан Нілдің алқабы мен атырауы. Тіпті, ежелгі грек тарихшысы Геродот «Египет - Нілдің сыйы» деп айтқан болатын. Ұлы өзеннің арнасы мың жарым километрге созылып, оңтүстіктен, Суданмен жалғасып жатқан шекарасынан солтүстікке, Жерорта теңізінің жағалауына дейін, шығыс Аравия шөлейтін Батыс Ливия шөлейтінен бөліп жатыр. Нілдің бойындағы «тіршілік жолағының» арнауы оңтүстігінде бір километрден Каир ауданына дейін 20-25 километрге дейін жетеді.
- Шөлейт жерлерінің өзі: құм, құм төбелер, көшпенділердің тілдерінде ғана атауы түсінікті - сарыдан, қою сары секілді күлгін түске дейінгі небір түстердің түрлері аса бір әсерде қалдырады.



**Мысыр
мемлекетінің
астанасы
Каир**

**Көне
Каирдың
шеткі
аймағы.**



Судан мемлекеті



Судан астанасы Хартум қаласы .Ақ және Көк Нілдің қосылған жерінде орналасқан. Суданды үш Ніл Отаны деп атайды. Ылғалдылықтың жетіспеушілігінен байланысты Ніл өзені шаруашылық үшін үлкен маңызды роль атқарады.





НІЛ ӨЗЕНІНДЕГІ АПАТ



- 2008 жылы Мысырдың оңтүстігінде баржадан 240 тонна дизель отыны төгілді. Нәтижесінде Ніл суына 110 тонна дизель отыны тарады.






Ніл алқабында
Египеттің бай өлкесі
мен атырауында
жердің әрбір текше
метрі барынша
пайдаланылады.
Мұнда бидай, арпа,
қарақұмық, күріш,
жүгері, мақта, қант
құрағы, көкөністер,
дәмдеуіштер
өсіледі.





Нілдің апаттық жағдайы.

Африка мемлекеттері
Ніл суына таласу
нәтижесінен . Ніл суы
азайып бара жатыр .
Ніл өзеннің бойындағы
мемлекеттер
шаруашылықтарына
пайдаланып шөлейт
жерлерді суаруға
пайдаланылады



Үйге тапсырма:

1. Африканың физикалық және климаттық карталарын пайдаланып, Нигер және Замбези өзендеріне оқулық соңындағы жоспар бойынша сипаттама беріңдер.

Оқулық 242 бет

2. Кескін картаға Африкадағы ірі көлдер мен өзендерді, сарқырамалар мен бөгендерді белгіле.

Қосымшадағы 8,9- кестелермен танысыңдар.





Назарларыңызға рахмет!!!

